

**"Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 13 шілдедегі N 726 Қаулысы

Қазақстан Республикасының " Мемлекеттік кәсіпорын туралы " 1995 жылғы 19 маусымдағы және " Мемлекеттік сатып алу туралы " 2002 жылғы 16 мамырдағы Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. "Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының Инженерлік-техникалық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) Кәсіпорынның мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі мәні электрондық сайлау жүйесі инфрақұрылымының объектілері торабын ұстау және дамыту саласында шаруашылық қызметті жүзеге асыру болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Кәсіпорынның жарғысын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетіне бекітуге енгізсін;
- 2) Кәсіпорынның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясы (келісім бойынша) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте 003 " Инженерлік-техникалық орталық құру" республикалық бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат шегінде Кәсіпорынның жарғылық капиталын қалыптастырсын.

6. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері құрылған Кәсіпорынға және оның аумақтық филиалдарына жабдықтар мен инженерлік-техникалық персоналды орналастыруға қажетті санда жалдау негізінде қызметтік алаңдар берсін.

7. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

8. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК